

ОӘЖ 336.71

**НЕСИЕСІЗ МЕМЛЕКЕТ – НЕСІБЕЛІ МЕМЛЕКЕТ**

**Сұлтан Нұртөре Қолғанатұлы**

*[nurtore.sultan.99@mail.ru](mailto:nurtore.sultan.99@mail.ru)*

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Хамитхан Н.

Қазіргі кезде елімізде несие алушылардың көп екенін байқай аламыз. Үкіметіміз де несие беруге барынша қолдау көрсетуде. Мемлекеттік кредиттік бюро мәліметі бойынша, Қазақстанда 5 миллионнан астам адамның несиеі бар. Биыл оның 1 миллион 102 мыңы несие төлей алмай жүр деп хабарлайды Азаттық[1] Бірінші кредиттік бюроның мәліметінше, бүгінде қазақстандықтардың несие бойынша қарызы 6 триллион теңгеден асады. Ал олардың 15 пайызы несиені мерзімін кешіктіріп төлегендер екен[2] Қайтарымсыз кеткен кредиттердің үлесі 20 процент шамасында[3]. 837 мың несие алушының ісі қарыз өндіру үшін коллектор агенттіктерге берілген [4].

1-кесте. 01.06.2018ж - 01.01.2019ж аралығындағы банктердің берген кредиттер көлемі

	Экономикаға берілген кредиттер, кезеңнің соңына, млн.теңге						
		оның ішінде валюта түрлері бойынша		оның ішінде мерзімдері бойынша		оның ішінде субъектілер бойынша	
	Барлығы	Ұлттық валютада	шетел валютасында	қысқа мерзімді	ұзақ мерзімді	банктік емес заңды тұлғаларға	жеке тұлғаларға

10.201 8	12 776 423	9 845 881	2 930 542	1 858 963	10 917 460	7 595 659	5 180 765
11.201 8	12 863 615	9 977 916	2 885 698	1 898 877	10 964 738	7 596 783	5 266 832
12.201 8	13 091 764	10 094 320	2 997 444	1 987 609	11 104 156	7 789 144	5 302 620
01.201 9	12 469 986	9 899 480	2 570 507	1 887 305	10 582 681	7 150 899	5 319 088
02.201 9	12 489 314	10 011 577	2 477 737	1 896 652	10 592 662	7 132 609	5 356 705

Дерек көзі: Ұлттық банктің ресми сайтындағы статистика бойынша [5].

Мемлекеттіміздегі бұл жағдай осы мақаламды жазуға себеп болды, яғни "Несие алу дұрыс па? Несиенің мемлекетімізге қандай пайдалары бар? Экономист ғалымдар несие туралы қандай көзқараста? Егер несие алу қате болса, несие алу орнына қандай шаралар қолданғанымыз жөн?" - деген сұрақтарға жауап іздедім.

Пайыздар, құмар ойындар, алыпсатарлық мәмілелер байлықты санаулы топтың меншігіне шоғырлануына әкеледі. Пайда меншік құндылығы бар нәрсе ақшаға сатылатындығынан немесе әр түрлі валюта бір-біріне айырбасталатындығынан құралады. Ақшамен немесе олардың орнындағы қағазбен кредит-борыштық операция (сол валютада) нәтижесінде алынған пайда ақшалай қосылған құнды ұсынады, демек бұл еңбексіз тапқан табыс болады және тыйым салу керек. Экономикамызды сатып алу-сату үдерісінде әрқашан ақшалай қосылған құн емес нақты қосылған құн құрайтын нақты активтерге негіздеу қажет. Қарапайым банкаралық кредиттер төмен мөлшердегі нақты тауар айналымынан тыс ұлғаятын қосымша ақша массасын құрайды. Ақша массасы мен нақты сектор арасындағы осы алшақтық инфляцияны күшейтеді, өзара баланстың үйлесімсіздігінен арзандайтын «тауарларда», атап айтқанда қағаз қамтамасыз етілмеген ақшамен білдірілетін шикізат пен қызметтерге бағаның өсуіне өздігінен әсер ететін ақша бірліктері девальвацияға ұшырайды.

2-кесте. Банктердің халыққа тұтыну мақсатына 2018жыл қаңтар-желтоқсан аралығында берген кредиттер көлемі

	млн.тенге					
	06.18	07.18	08.18	09.18	10.18	11.18
Барлық берілгені:	3 189 958	3 061 520	3 142 669	3 210 707	3 246 719	3 317 855
Кредиттердің жалпы сомасы ішінде:						
Жеке тұлғаларға берілгендер	3 184 110	3 060 347	3 141 509	3 209 566	3 245 592	3 317 476
Жеке тұлғалар - шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілгендер	5 848	1 173	1 159	1 141	1 127	380

Дерек көзі: Ұлттық банктің ресми сайтындағы статистика бойынша [5]

Әлеуметтік әділдік несие алушылар және кредит берушілер пайданы ғана емес шығынды да бірдей мөлшерде бөлуді, жинақтау үдерісі мен экономикадағы байлықты бөлу әділ және нақты өнімділікті сипаттайтындай болуды талап етеді. Ислам қаражат мәмілелерінде ақшаға (пайызға) ақша (кредит) сату мүмкін емес. Осылайша өсімқорлыққа

тыйым салудың басты мақсаты – байлықтың азын-аулақ топтың, банктер немесе жеке адамдар болсын, қолына жиналатын жолына тосқауыл қою.

Бүтіндей алғанда, әлеуметтік-экономикалық әділетсіздік, экономикалық тұрақсыздық және қоршаған ортаның бұзылуы ақша-кредит пайыздарына тыйым салу негізінде қаралуы тиіс [7].

Ал енді біз қазіргі күнгі реформистік ойлаудағы өсімқорлыққа көз жүгіртсек экономика ғылымындағы қарама-қайшылықты байқаймыз. А. Смиттің реттеуші өсімқорлықты қолдауға үзілді-кесілді қарсы болған. Ол пайыз алуға толық тыйым салуға қарсы сөйлегенімен ол пайыздық мөлшерлемелер бойынша шектеу қою жағында еді.

Бұл Смит болжағандай, әлеуметтік пайдалы инвестицияларды жүргізуге әзір тәуекелдің төмен деңгейіндегі қарыз алушыларының «жеке жоғары пайыздық мөлшерлемелер беруге әзір [реттелмейтін] ысырапшылдар мен проекторларды құраушыларға [тәуекелді, алыпсатарлық кәсіпорындардағы инвесторлар], қарызға берілуге тиіс ақшаның көп бөлігінің» нәтижесінде қаражаттан айырылмауына кепілдік береді. Д. Кейнс те өсімге қарсы болған. Өсімқорлыққа қарсы бағытты ұстанған аз танымал реформашы С. Геззель болды. Кейнс С. Геззель туралы, әлем экономиканы Маркстен гөрі одан көбірек білер еді деп жазған. Геззель Германия мен Аргентинадағы он тоғызыншы ғасырдың табысты көпесі ретінде, өзінің сауда-саттығы көбінесе адамдардың қажеттіліктеріне немесе өнімінің сапасына қарағанда, ақшаның «құнымен» (яғни, пайыздармен) байланысты болуын негізге ала отырып, пайыз өндіріп алуды айыптаған.

М. Кеннеди (1995), Ганновер университетінің неміс профессоры, пайыз өндіріп алудың заманауи танымал сыншыларының бірі болып табылады және «пайыз өндіріп алу ... біздің әлеуметтік құрылымдағы обыр ретінде әрекет етеді» деген пікірмен Геззельдің идеяларын негізге алады. Ол банктік тәжірибе модификациясына айналым үшін ақша құнына белгілі бір дәрежеде кері пайыздық мөлшерлеме механизмі ретінде әрекет ететін төлем енгізуді ұсыну арқылы, «инфляциядан бос пайыздар мен ақша» мәселесін талқылайды.

XX ғасырдың басындағы заманауи экономистер мектебінің тағы бірі, атап айтқанда, Дуглас (1924), Фишер (1935), Симонс (1948) және Содди (1926) мектебі пайыз есептеу тәжірибесін сынға алған. Бұл жағдайда банктерге (соның қатарында үкіметке), ең алдымен, ешбір альтернативтік шығын шығармай немесе ештеңені садақа етпей, жоқтан бар жасаған, адамгершіліксіз және алаяқтық тәжірибеден тұратын ақша үшін пайыздар есептелетін болады.

Ежелгі ғалымдар ақшаны айырбастау құралы, құнның өлшемі мен бірлік есебі ретінде қарағанмен, олардың қызметін қор жинау құралы ретінде қабылдамаған. Ақша «әлеуетті» капитал ретінде қаралады, яғни олар өндірістік қызметті жүргізу үшін өзге ресурстармен үйлесетін жағдайда ғана нақты капитал болады. Әлеуметтік бағдар экономиканың дамуының басты мақсатын шаруашылық қызмет нәтижелерін бөлу кезінде әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету деп болжайды. Осы мақсатқа жету құралы болып экономиканы және әлеуметтік экономикалық прогресс секторын дамыту табылады. Ислам нарықтық күштерді және нарықтық экономиканы мойындайды. Пайда алуға деген ынта жеткілікті шектерде жарамды. Жеке меншік толық теріске шығарылмайды. Кейбір шектеулер болса, олар адаммен қаланған және қандай да бір Құдайшыл күштің ешқандай өкілеттігін қабылдамайтын демократиялық заңнама арқылы өзгертілуі мүмкін. Осындай қатынас қоғамда теңгерімнің үйлесімсіздігін туғызатын бірқатар әрекеттерге жол береді. Бетімен кеткен пайда алу олардың қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіретін монополияларды құрады. Осылайша, нарықтық күштерге негізделген деп көз жеткізген капиталистік экономика сұраныс пен ұсыныс үдерісін іс жүзінде тоқтатады, себебі осы күштер монополияның емес, ерікті бәсекелестік жағдайында ғана дұрыс жұмыс істей алады [7].

Нарықтық экономикада банктер монополистерге айналады және барлық қаржылық капитал арқылы нақты басқарады. Олар тек делдалдық қызметтен шығып, ұдайы өндірістің

барлық фазасының аясына ғана кіреді. Несиелік жүйе "ертедегідей күшке" ие бола отырып "нақты өндіріске ең қауіпті түрде араласуы" мүмкін [8].

Біз экономист ғалымдардың тұжырымдарынан несиенің адамдардың қаржысының бір жерге жиналуына әкеп соқтыратындығын, бұл өз кезегінде ақша эмиссиялауға итермелейтінін, ақша эмиссиялау ақшаның құнсыздануына басты себеп екендігін түсіне аламыз. Жоғарыда қарастырған сұрақтарымның бірі “Несиенің мемлекетімізге қандай пайдалары бар?”-деген сұраққа “Несиенің мемлекетке пайдасы емес зияны мол. Экономикамыз құлдыраса мәдениетіміз бен өркениетіміз құлдырайды. Мәдениетіміз бен өркениетіміз құлдыраса экологиялық ахуал артып, өмір сүру күнгірттенеді.”-деген жауап табамыз.

Егер несие алу қате болса, несие алу орнына қандай шаралар қолданғанымыз жөн? "-деген сұраққа жауапты этикалық қаржыландыру жүйесінен және өз идеяларымынан таптым.

2009 жылғы 12-ақпанда ҚР Тұңғыш Президенті исламдық қаржыландыруға және ислам банктерін дамытуға бағытталған заңға қол қойды.

Алдымен этикалық қаржыландыру жүйесіне назар аударайық. Осы аспаптарды аванстық қаржыландыру (салам және истисна негізінде) жолымен қарап көрейік, нақты активтер құралады. Қаржы институтының клиенті ауыл шаруашылығында пайдаланылатын салам операциясы кезінде және оларды сатқаннан кейін негізінде, өз пайдасын қаржыгермен бөліседі.

Истисна жағдайында қаржыландыру инфрақұрылымдық активтерді өндіруге жолданады, мерзімі кешіктірілген сатуда тапсырыс берушіге қаржыгер өз ақшасын және беркітілген пайданы қайтарады.

Иджара және мурабаха аспаптары, сондай-ақ активтермен толық қамтамасыз етілген, және осы аспаптар арқылы қаржыландыру төмендегі себептерден пайыздар негізінде анық ажыратылады:

- дәстүрлі қаржыландыруда қаржыгер өз клиентіне пайыздық қарыз ретінде ақша береді, сонан кейін оның осы қаражатты клиенттің қалай пайдаланатынына қатысы жоқ;

- мурабаха жағдайында, керісінше қаржыгер қолма қол ақшаны клиентке ұсынбайды;

- мурабаханың дәлелдігіне негізгі талаптарының бірі болып, тауардың қаржыгермен алынатындағы табылады, бұл тауар бойынша оны клиентке сатар алдында тәуекелді қабылдайтындығын білдіреді.

Қаржыгермен мәлімденген тауар оның өзіне алған тәуекелі үшін сыйақы болып табылады. Осындай операция пайыз алуға негізделген қарыз болып табылмайды; - пайыздық түсім әкелетін қарыз жағдайында қарыз алушымен қайтарылуға жататын сома уақыт өте келе ұлғая береді. Екінші жағынан мурабахада сату бағасы келісілгеннен кейін белгіленген. Нәтижесінде тіпті сатушы (банк клиенті) уақытқа төлемесе, сатушы (банк) алым төлеу мәселесін реттеуде кідірткені үшін жоғары баға сұрамайды. Бұл шарифатта уақытша ақша өлшеу тұжырымдамасының жоқтығымен ескерілген.

Сонымен қатар, 2007-2009 жж. қаржы дағдарысы бүкіл дүние жүзіндегі экономиканың рецессиясына әкелген әлемдік қаражат жүйесінің бірқатар келелі мәселелерін көрсетті. Теңгерімсіз қаржы жүйесінің қалыптасуына нарықтық қатынастарды реттеудің барынша шектеулі болуы және ең жоғарғы деңгейдегі пайдаға қол жеткізуге ұмтылу, жалған капиталдың көбеюі себеп болған. Осы себепті дүние жүзілік экономиканың нақты секторымен байланысты және нақты активтермен қамсыздандырылған тиімді қаржы жүйесін құру қажеттілігі өзекті болып отыр. Бұл бағытта өндірістік үдеріспен тікелей байланысты және тәуекелдерді тоқтататын, исламдық қаржы құралдары ерекше рөлге ие.

Сонымен қатар, мен несие алуға қарсылық білдіре отырып, оның орнына қарыз беру арқылы ақша айналымын жүзеге асыруды ұсынамын. Бұл ұсынысыма қатысты мынадай сұрақтар туындауы мүмкін:

1. Қарызды кім береді?

2. Қарызды кім алады?
3. Қарызды қалай алуға және беруге болады?
4. Бұл әрекеттер мемлекетке қандай пайда әкеледі?
5. Қарыз берушілер қалай пайда табады?

Енді осы сұрақтарға жауап берейін.

Бірінші сұраққа қарызды халық мемлекеттік мекемеге, мемлекеттік мекеме халыққа қарыз береді. Бұл екінші сұраққа да жауап. Қарызды мемлекеттік аппаратта беру үшін мына істердің бірін қолдануыңызға болады:

1. Сіз қарыз алмасу-кассалық мекемесіне(банктың орнына) барып есеп аштырып, қанша уақытқа қарыз беретініңізді мәлімдеп, қарыз ақша (депозит емес) бересіз. Мекеме ақшаңызды сіз белгілеген уақытта қарызды қайтаруға дайын тұрады. Сонымен қатар қарыз беру уақытын созуыңызға және тағы қосып қарыз беруіңізге болады.

2. Сіз шотыңызға төлем карточкасы арқылы ақша салып қарыз беруіңізге болады.

3. Сіз онлайн түрде мемлекеттік қарыз алмасу-кассалық мекемесінің сайтына тіркеліп, төлем карточкасының нөмерін және құпиясөзін енгізу арқылы аудары аласыз.

4. Сіз ұялы телефон нөміріңіз арқылы мемлекеттік қарыз алмасу-кассалық мекемесінің виртуалды операторымен шарт жасасып, нөміріңізден бірлік түрінде қарыз бере аласыз.

5. Сіз жалақыңыздың бір бөлігін (мысалы, 100000тг айлық жалақы алатын адам 20000-ын) тұрақты түрде келісілген мерзімге дейін ақша "ұстап қалдырып" отырасыз. Осылай қаржы жинауыңызға болады.

Мемлекеттік қарыз алмасу-кассалық мекемесі қарыз қайтарарда осы әдістерге кері бағытта қарыз қайтарады. Мұндағы мемлекеттік қарыз алмасу-кассалық мекемесі деп отырғаным, несие беру және депозит істеріне қатысы жоқ, төлем қызметі, ақша аудару, жалақы төлеу секілді банк атқаратын қызметтермен қоса қарыз алмасу қызметін орындайтын мемлекеттік мекеме.

Мемлекеттік қарыз алмасу-кассалық мекемесінен қарыз аларда:

1. Есеп аштырып, қанша алатыныңызды және қанша уақытта қайтаратыныңызды және кепілге қандай мүлкіңізді қоятыныңызды мәлімдейсіз.

2. Банкоматта қарыз алу функциясы арқылы(орнатылуы тиіс) қарыз ала аласыз. Бұл жалақы карточкасы болғаны дұрыс.

3. Онлайн түрде қарыз ала аласыз

4. Сіз ұялы телефон нөміріңіз арқылы мемлекеттік қарыз алмасу-кассалық мекемесінің виртуалды операторымен шарт жасасып, нөміріңізден бірлік түрінде қарыз ала аласыз.

5. Сіз жалақыңызға тұрақты түрде белгілі бір мөлшерде келісілген мерзімге дейін ақша қостыра аласыз.

Халықта мемлекеттік қарыз алмасу-кассалық мекемесіне қарыз қайтарар кезде аталған істерге кері бағытта қарыз қайтарады.

Мемлекетке тигізер пайдасын айтпас бұрын мемлекет дегеніміз-тек басқару органдары ғана емес екенін айта кетейін. Өсімсіз қарыз алмасу мемлекетке мынадай пайдалар әкеледі:

1. Ақшаға мұқтаж адамдардың мұқтаждығы өтеледі.

2. Халықтың тұтыну шығындарының артуына байланысты ЖҰӨ артады. Біз екінші пункттің дұрыс екендігін төмендегі формуладан түсінеміз.

Шығындар бойынша ЖҰӨ-ді есептегенде барлық экономикалық агенттердің шығындары қосылады.  $ЖҰӨ = C + I + G + X_n$

мұндағы,  $C$  – үй шаруашылықтарының тұтыну тауарларына жұмсайтын шығындары (тамақ, киім-кешек, тұрғын үй төлемдері, демалыс шығындары, ұзақ пайдаланылатын тауарларды сатып алуға кететін шығындар және т.б.). Мұнда үй салуға немесе сатып алуға жұмсалатын шығындар есептелмейді. Олар инвестициялық шығындарға кіреді.

3. Үнемділік оғаштығы орын алмайды. Үнемділік оғаштылығы – бұл қоғамның көбірек жинақтауға ұмтылуынан тұтыну мен табыстың қысқаруы нәтижесінде жинақтау көлемінің азаюы. [9]

4. Несие беру қызметіне кететін шығын болмайды.

5. Кәсіпкерлерді халық қолдайды.

Бесінші сұрақтың жауабы алдыңғы сұрақтардың жауабын түсінгенге белгілі. Бұдан артығырақ пайда– мұқтаж адамға қарызға ақша беру де сауапты іс. Кәсіпкерлерге несие беріп көмектесу дегеннен гөрі қарыз беріп көмектесу шынайы сөз болар еді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

- 1 <https://baribar.kz/5759/qazaqstanda-1-millionnan-asa-adam-nesiesin-toelej-almaj-otyr/>
- 2 [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/jumyiska-ornalasu-keznde-nesie-tarihyyin-tekseru-ushn-kajet-362597/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/jumyiska-ornalasu-keznde-nesie-tarihyyin-tekseru-ushn-kajet-362597/)
- 3 <https://toppress.kz/article/47417>
- 4 <http://kz-news.info/46736>
- 5 <https://nationalbank.kz/?docid=294&switch=kazakh>
- 6 С.Б. Мақыш, Банк ісі - оқу құралы - Алматы, 2009 жыл, «Жеті-жарғы» баспасы. 552 бет.
- 7 Е.Ә.Байдәулет, ЭТИКАЛЫҚ (ИСЛАМ) ҚАРЖЫЛАНДЫРУ НЕГІЗДЕРІ , Оқу құралы Екібастұз, 2014
- 8 Ғ.С. Сейітқасымов жетекшілігімен: Банк ісі. Оқулық /. Астана: 2017
- 9 А.Н. Доғалов Н. С. Досмағанбетов Макроэкономика Астана, 2013